

"Ақтоғай кен байыту комбинатын салу", "Бозшакөл кен байыту комбинатын салу" басым жобалары бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға квоталар белгілеу және "Басым жобалар бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға 2012 жылға арналған квоталарды белгілеу және басым жобалар бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің шарттарын бекіту және "Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидаларын және Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің қағидалары мен шарттарын бекіту және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 45 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 817 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 1230 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 764 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтоғай кен байыту комбинатын салу», «Бозшакөл кен байыту комбинатын салу» басым жобалары бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға 2015 жылға арналған квоталар белгілеу және «Басым жобалар бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға 2012 жылға арналған квоталарды белгілеу және басым жобалар бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің шарттарын бекіту және «Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидаларын және Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің қағидалары мен шарттарын бекіту және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 45 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 817 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 1230 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 71, 652-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
тақырып мынадай редакцияда жазылсын:
«Ақтоғай кен байыту комбинатын салу», «Бозшакөл кен байыту комбинатын салу»

басым жобалары бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға квоталар белгілеу, «Ақтоғай кен байыту комбинатын салу», «Бозшакөл кен байыту комбинатын салу» басым жобалары бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру шарттарын бекіту т у р а л ы » ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:
«1-1. Қоса беріліп отырған:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес «Ақтоғай кен байыту комбинатын салу» басым жобасын (өтініш беруші – «KAZ Minerals Aktogay (КАЗ Минералз Ақтоғай)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі) іске асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға р ұ қ с а т б е р у ш а р т т а р ы ;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес «Бозшакөл кен байыту комбинатын салу» басым жобасын (өтініш беруші – «KAZ Minerals Bozshakol (КАЗ Минералз Бозшакөл)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі) іске асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға р ұ қ с а т б е р у ш а р т т а р ы б е к і т і л с і н . » ;

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2015 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 764 қаулысына

1-қосымша
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2014 жылғы 25 қарашадағы
№ 1230 қаулысымен
бекітілген

**«Ақтоғай кен байыту комбинатын салу» басым жобасын
(өтініш беруші – «KAZ Minerals Aktogay (КАЗ Минералз Ақтоғай)»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі) іске асыру үшін шетелдік жұмыс күшін
тартуға рұқсат беру шарттары**

1. Аумағында басым жоба іске асырылатын әкімшілік-аумақтық бірліктің уәкілетті органына жұмыс беруші не ол уәкілеттік берген тұлға ұсынатын шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған өтінішке қоса берілетін құжаттар мыналарды қамтуы тиіс:

1) тегі, аты, әкесінің аты (оның ішінде латын әріптерімен), туған күні, азаматтығы,

паспортының (жеке басын куәландыратын құжаттың) нөмірі, берілген күні және оны берген орган, тұрақты тұратын елі, шыққан елі, білімі, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін Қазақстан Республикасында қолданылатын басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, ұйымдардың басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына және 01-99 «Кәсіптер сыныптауышы» Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес мамандығының, біліктілігінің (лауазымының) атаулары көрсетіле отырып, тартылатын шетелдік қызметкерлер туралы мәліметтер;

2) Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңдастырылған білімі туралы құжаттардың нотариат растаған аудармалары (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылған болса, көшірмелері);

3) бұрын істеген жұмыс берушісінің ресми бланкісіндегі қызметкердің еңбек қызметі туралы жазбаша растауы немесе Қазақстан Республикасында танылатын өзге де растаушы құжаттар қоса берілгені қызметкердің еңбек қызметі туралы ақпарат (тиісті кәсіп бойынша жұмыс өтілі жөнінде біліктілік талаптары болған кезде);

4) басым жобаны іске асыруға қатысқанын куәландыратын шарттан нотариат растаған үзінді не салыстырып тексеру үшін түпнұсқаны ұсынумен көшірмесі (мердігер және қосалқы мердігер ұйымдар үшін).

2. Шетелдік қызметкерлердің келуі «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабында көзделген шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады.

3. Өздеріне үшінші және төртінші санаттар бойынша рұқсаттар алынған шетелдік қызметкерлерді басқа әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында орналасқан кәсіпорындарға, ұйымдарға іссапарға жіберуге болмайды.

4. Шетелдік жұмыс күшін тартудың осы шарттармен реттелмеген өзге де талаптары «Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидаларын және Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің қағидалары мен шарттарын бекіту және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 45 қаулысымен бекітілген Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру қағидаларында және шарттарында регламенттеледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 764 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 25 қарашадағы
№ 1230 қаулысымен
бекітілген

**«Бозшакөл кен байыту комбинатын салу» басым жобасын
(өтініш беруші – «KAZ Minerals Bozshakol (KAZ Минералз Бозшакөл)»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі) іске асыру үшін шетелдік жұмыс күшін
тартуға рұқсат беру шарттары**

1. Аумағында басым жоба іске асырылатын әкімшілік-аумақтық бірліктің уәкілетті органына жұмыс беруші не ол уәкілеттік берген тұлға ұсынатын шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған өтінішке қоса берілетін құжаттар мыналарды қамтуы тиіс:

1) тегі, аты, әкесінің аты (оның ішінде латын әріптерімен), туған күні, азаматтығы, паспортының (жеке басын куәландыратын құжаттың) нөмірі, берілген күні және оны берген орган, тұрақты тұратын елі, шыққан елі, білімі, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін Қазақстан Республикасында қолданылатын басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, ұйымдардың басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына және 01-99 «Кәсіптер сыныптауышы» Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес мамандығының, біліктілігінің (лауазымының) атаулары көрсетіле отырып, тартылатын шетелдік қызметкерлер туралы мәліметтер;

2) Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңдастырылған білімі туралы құжаттардың нотариат растаған аудармалары (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылған болса, көшірмелері);

3) бұрын істеген жұмыс берушісінің ресми бланкісіндегі қызметкердің еңбек қызметі туралы жазбаша растауы немесе Қазақстан Республикасында танылатын өзге де растаушы құжаттар қоса берілгені қызметкердің еңбек қызметі туралы ақпарат (тиісті кәсіп бойынша жұмыс өтілі жөнінде біліктілік талаптары болған кезде);

4) басым жобаны іске асыруға қатысқанын куәландыратын шарттан нотариат растаған үзінді не салыстырып тексеру үшін түпнұсқаны ұсынумен көшірмесі (мердігер және қосалқы мердігер ұйымдар үшін).

2. Шетелдік қызметкерлердің келуі «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабында көзделген шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады.

3. Өздеріне үшінші және төртінші санаттар бойынша рұқсаттар алынған шетелдік қызметкерлерді басқа әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында орналасқан кәсіпорындарға, ұйымдарға іссапарға жіберуге болмайды.

4. Шетелдік жұмыс күшін тартудың осы шарттармен реттелмеген өзге де талаптары «Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидаларын және Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің қағидалары мен шарттарын бекіту және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 45 қаулысымен бекітілген Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру қағидаларында және шарттарында регламенттеледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 0 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 7 6 4 қ а у л ы с ы н а
3-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 5 қ а р а ш а д а ғ ы
№ 1 2 3 0 қ а у л ы с ы н а
қосымша

«Ақтоғай кен байыту комбинатын салу», «Бозшакөл кен байыту комбинатын салу» басым жобалары бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға квоталар

Р/с №	Жобаның атауы	Өтініш беруші	Іске асыру орны	Іске асыру мерзімі	Квота (адам)	
					Жыл	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
					2015	2700

1.	Ақтоғай кен байыту комбинатын салу	«KAZ Minerals Aktogay (КАЗ Минералз Ақтоғай)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы	2011 – 2017 жылдар	2016	2700
					2017	2700
2.	Бозшакөл кен байыту комбинатын салу	«KAZ Minerals Bozshakol (КАЗ Минералз Бозшакөл)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Павлодар облысы, Екібастұз ауданы	2010 – 2016 жылдар	2015	2320
					2016	2320

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК